

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1996 жылғы 9 желтоқсан N 1502

"Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3001 Жарлығын орындау үшін (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 21, 179-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

Қазақстан Республикасының Ғылыми министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағыныстағы ғылыми ұйымдардың тізбесі;

Ескерту. 2-абзац алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы ғылымды қаржыландыруға көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен негізгі міндеттер мен көрсеткіштерге сәйкес мақсатты бағдарламаны қамтамасыз ететін "Агроөнеркәсіп кешенін ғылыми қамтамасыз етудің" ғылыми-техникалық бағдарламасын белгіленген тәртіп бойынша бір ай мерзім ішінде бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Еңбек министрлігімен бірлесіп Қаржы министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу туралы Ережені әзірлесін және бекітсін.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 5 0 2 қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағыныстағы ғылыми

ұ й ы м д а р д ы ң

ТІЗБЕСІ

Ғылыми ұйымдар			Орналасқан жері
1	2		
В.Р.Вильямс атындағы	Қазақ	егіншілік	
Алматы облысы ғылыми-зерттеу институты	Қаскелең ауданы		
Еңбек Қызыл Ту орденді	Қазақ	қой	
Алматы облысы шаруашылығы	ғылыми-зерттеу		
технологиялық институты	Жамбыл ауданы		
Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институты		Алматы облысы Қаскелең ауданы	
Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Қаскелең ауданы	Алматы облысы	
Қазақ мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу станциялары бар (МҒЗС) мал ғылыми-зерттеу институты:		Алматы қаласы дәрігерлік	
Батыс Қазақстан МҒЗС		Орал қаласы	
Қарағанды МҒЗС	Қарағанды қаласы		
Академик К.И.Скрябин атындағы			
Жамбыл МҒЗС		Жамбыл қаласы	
Қостанай МҒЗС		Қостанай қаласы	
Целиноград МҒЗС	Ақмола қаласы		
Оңтүстік Қазақстан МҒЗС		Шымкент қаласы	
Қазақ экономика және агроөнеркәсіп кешенін ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институты		Алматы қаласы	
Қазақ экономика және агроөнеркәсіп кешенін ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институтының		Ақтола қаласы	
Т ы ң б ө л і м ш е с і			
Қазақ өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институты	Алматы облысы		
Қаскелең ауданы			
Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Қызылорда қаласы		
Қарағанды ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу кеңшар институты	Қарағанды облысы		
Тельман ауданы			

Солтүстік мал шаруашылығы және мал дәрігерлігі ғылыми-зерттеу институты	Солтүстік Қазақстан облысы
Бескөл ауданы	
Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Шымкент қаласы
Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Жамбыл қаласы
Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Алматы кешенді бөлімі	Алматы облысы
Талғар ауданы	
А.И.Бараев атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді	Ақмола облысы,
Қазақ астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Шортанды ауданы
Қазақ орман тәжірибе стансалары (ОТС) бар	Көкшетау облысы
орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты: Щучье қаласы	
Алматы орман-тәжірибе стансасы	Алматы қаласы
Алтай орман-тәжірибе стансасы	Лениногор қаласы
Батыс Қазақстан орман-тәжірибе стансасы	Ақтөбе қаласы
Қостанай орман-тәжірибе стансасы	Қостанай қаласы
Қазақ орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Жәнібек стационары	Орал облысы
Жәнібек ауданы	
Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты және оның бөлімдері:	Алматы қаласы
Балқаш	Балқаш қаласы
Алтай	Өскемен қаласы
Арал	Арал қаласы
Атырау	Атырау қаласы
Қазақ экспериментальды базалы ет және сүт өнеркәсібі ғылыми-зерттеу және институты	Семей қаласы
конструкторлық	
Қазақ экспериментальды базалы астық және оны ұқсату өнімдері ғылыми-зерттеу институты	Ақмола қаласы
Қазақ экспериментальды базалы астық және оны ұқсату өнімдері ғылыми-зерттеу институтының	Алматы қаласы
А л м а т ы б ө л і м ш е с і	
Қазақ құс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Алматы облысы
Қаскелең ауданы	
Қазақ ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану және өңдеу ғылыми-зерттеу технологиялық институты	Ақмола облысы
	Алексеев қаласы

Талдықорған ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Талдықорған қаласы
Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты	Алматы қаласы
Павлодар ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Павлодар облысы
Павлодар ауданы	
Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Шығыс Қазақстан облысы
Глубокое ауданы	
Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Атырау қаласы
"Алмалы" ғылыми-өндірістік бірлестігі (бас ұйым - Қазақ жеміс шаруашылығы және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты)	Алматы қаласы
"Жемшөп және жайылым" ғылыми-өндірістік бірлестігі (бас ұйым - Қазақ жемшөп өндіру және жайылым ғылыми-зерттеу институты)	Алматы қаласы
"Көкшетау" экспериментті базалы майда тұқымды шөпті тазалау ғылыми-өндірістік бірлестік (бас ұйым - Көкшетау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты)	Көкшетау облысы жөніндегі
"Қостанай" ғылыми-өндірістік бірлестігі (бас ұйым - Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты)	Қостанай облысы Қостанай ауданы
"Қазауылшармеханикаландыру" экспериментті базалы ғылыми-өндірістік бірлестігі (бас ұйым - Қазақ ауыл шаруашылығы механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты)	Алматы қаласы
"Тыңауылшармеханикаландыру" экспериментті базалы ғылыми-өндірістік бірлестігі (бас ұйым - Тың ауыл шаруашылығы механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты)	Қостанай қаласы
"Шымкент" ғылыми-өндірістік бірлестігі (бас ұйым - Мемлекеттік облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе стансасы) Сайрам ауданы	Оңтүстік Қазақстан облысы
Қазақстан Республикасы	
Үкіметінің	
1996 жылғы 9 желтоқсандағы	

Бекітілген

"Агроөнеркәсіп кешенін ғылыми қамтамасыз етудің" мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасының негізгі міндеттері мен көрсеткіштері
Проблеманың жай-күйі

Агроөнеркәсіптік кешен - азық-түлік және шикізат ресурстарын негізгі беруші және еліміздің экспорттық мүмкіндіктерінің маңызды буыны. Соңғы жылдары онда қоғамдық жалпы өнімнің - 35, ұлттық табыстың - 40 және халық тұтынатын тауарлардың 63 проценті өндірілді.

Республикада ауыл шаруашылығының алқабы 222,6 млн. га құрайды, оның ішінде егістік - 33,7 шабындық - 5,1 жайылым - 182,4 көпжылдық шөптер - 146, суландырылатын жерлер - 2,4 млн. га.

Егер жер қоры мен әр аймақтың биоклиматтық әлеуетін тиімді пайдаланған кезде Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін республиканың ішкі және экспорттық қажеттерін қанағаттандыра алатын көлемде өндіруді қамтамасыз ете алады. Алайда қазір аграрлық сектор терең дағдарыста қалып отыр. Жалпы өнім өндірісінің орташа жылдық құлдырауы 7,4 процентке жетті. Топырақтың құнарын сақтау, өсімдіктерді қорғау, өсімдіктер мен малдың генофондын сақтау жұмыстары тоқтады.

Село тауар өндірушілерінің төлем қабілеті төмен болғандықтан, техникаға деген сұраныс күрт азайды, республиканың машина-трактор паркі жаңартылмайды, ауыл шаруашылығы техникасының 70 процентке жуығы есептен шығарып тастауға жатады. Техниканың физикалық және моральдық жағынан тозуы жұмыстың технологиясы мен агрономиялық мерзімнің бұзылуына, соған сәйкес ауыл шаруашылығы өнімінің кем алынуына және оның сапасының нашарлауына әкеп соқтырды.

1995 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы 1990 жылғымен салыстырғанда екі есе азайды (жаздық дәнді дақылдар мен дәнді бұршақ дақылдары тиісінше гектарына 10 және 5 ц/га). Малдың саны мен өнімділігі азайды. 1992 жылғымен салыстырғанда ірі қара саны - 29,5 қоймен ешкі - 46,4, шошқа - 48,8, құс 68,1 процент кеміді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен оны ұқсатудың тиімділігі жоғары интенсивті технологияларын игеру тоқтады.

1995 жылы 1990 жылғымен салыстырғанда ішек-қарын, сүйек-аяқты қоса есептегенде еттік жартылай фабрикаттарды өндіру 30 процент, шұжық бұйымдары 22,2 процент, қаймақ алынбаған сүт өнімдері - 22,9, нан және нан-тоқаш бұйымдары 66,9 процент азайды. Жалпы 580 кәсіпорын 56,6 млрд. теңгенің тамақ өнімдерін берген жоқ. Соның салдарынан халықтың тамақ рационында тұтынатын өсімдік майы, қант, көкөніс және балық өнімдері 45-50 процент, жеміс-жидек үштен бірге, ет - 21, сүт - 13, жұмыртқа 20 процент кеміді, сөйтіп тағамда 11,5 процент белок және 34,5 процент май жетпей қалды.

Тері және тігін кәсіпорындарында жағдай мейлінше ауыр болып отыр - оларда иірілген жіп пен тері - 4, ал жуылған жүн 2,5 есе қысқарды.

Пайдаланатын қызмет пен шаруашылықтар арасындағы төлем жүйесінің айқын тетігі болмағандықтан, шаруашылықтар өздерінің шығынын өтей алмағандықтан және технологиялық әдістер бұзылғандықтан, мұның өзі суландыру торабының бұзылуына, суландыратын каналдардың, құрғату жүйелерінің істен шығуына, топырақтың қайта сортаңдануына соқтырып, соның салдарынан 256,6 мың га суландырылатын жер т ы ң а й ғ а н ж е р г е ж а т қ ы з ы л д ы .

Пайдаланылатын негізгі ағаштарды жүйесіз шауып, санитарлық мақсатта кесуді күрт азайтып, зиянкестер орманды залалдағандықтан (642,2 мың га), орманның өртенуінен (35,8 мың га) республика ормандарының экологиялық-биологиялық күйі к ү р т н а ш а р л а д ы .

Агроөнеркәсіптік кешенді дағдарыстан шығарып, оның тиімділігін арттырудың аса маңызды факторы оны ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты және "Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 мамырдағы N 434 қаулысын іске асыру мақсатында "Агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз етудің" мақсатты ғылыми-техникалық (МҒТБ) бағдарламасы жасалды. Оның негізгі міндеттері мен көрсеткіштері Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және өндірістік күш мүмкіндіктерін аграрлық секторды дағдарыстан шығаруға және оны табыспен дамытуды пайдалануға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның негізгі мақсаты - халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізатпен барынша толық қамтамасыз ету үшін өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің ғылыми негізін жасау.

Мақсатқа жету үшін мына міндеттерді шешу керек:

жер реформасын жүзеге асыру;

қаржы, несие, баға және салық саясатын реформалау;

жердің құнарын сақтап, арттыра түсу және осының негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыруды қамтамасыз ету;

ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, ауыл шаруашылығы жануарлары аталықтары мен кростарының тұқымдарының үлгілерін, бұтақтарының, құстардың, балықтардың гендік қорын, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын, ауыл шаруашылығы жануарларының асыл тұқымдық және тауарлық үйірлерін жақсартуды одан әрі п а й д а л а н у ү ш і н с а қ т а у ;

өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің, ұқсатудың және сақтаудың қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін аймақтық, қорды үнемдейтін, тиімділігі жоғары және бәсекелік қабілеті бар технологиясы мен

техникалық құралдарын жасау;

орман қорын қалпына келтіру, экологиялық жағынан қолайсыз аймақтарда ландшафтық қалпына келтіру үшін ағаш өсіру;

ластану процесінің және суландырылатын жерлердің минералдана түсуінің салдарынан өсіп бара жатқан су қоры тапшылығының алдын алу.

Осыған байланысты "Агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз етудің" мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасында мыналар көзделеді:

нарықтық экономика жағдайында агроөнеркәсіп өндірісінің экономикалық реттеу тетігін негіздеу;

Қазақстанның негізгі табиғи шаруашылық аумақтарына арнап егіншіліктің агроландшафт жүйесін және топырақтың құнарын басқарудың тиімді әдістерін жасау;

өнімділігі жоғары, ортаның қиын-қыстау факторына (ауруларға, зиянкестерге, үсікке, құрғақшылыққа, сортаңдануға) төзімді, интенсивтендіру факторларын қабылдағыш жаңа 129 сорт пен будан шығару, оның ішінде 53 - дәнді, 3 - дәнді бұршақты, 3 - жарма, 6 - техникалық, 24 - жеміс-жидек, 8 - көкөніс, 8 - картоп, 24 - мал азығы дақылдары;

еңбек пен қаражатты аз жұмсап экологиялық таза өнім алуды қамтамасыз ететін, ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын 10-15 процентке және ауыл шаруашылығы малдарының өнімділігін 5-10 процентке арттыруға мүмкіндік беретін, өнімді өндіруге, сақтауға және ұқсатуға арналған механикаландыру құралдарын (48 машина және құрал) жасау;

республиканың су қорын автоматты түрде басқару жүйесін құру және суды түрліше интенсивтілікпен беріп тұратын әртүрлі әдіспен суаруға мүмкіндік беретін техникалық құралдар жасау;

орман шаруашылығын жүргізу жүйесін, орман өсімдіктерінің гендік қорын сақтаудың, экологиялық апатқа ұшыраған жерлердегі ормандарды қалпына келтіру мұқтаждарын өтеудің әдістері мен технологиялық әдістерін жасау;

егіншіліктің аумақтық жүйесінде қолданылатындай етіп, өнім ысырабын 15-20%, пестицидтер жүктелуін 20-25% азайтуға мүмкіндік беретін өсімдік қорғау жүйесін оңтайландыру;

ірі қараның 1 тұқымын, 6 үлгісін, 7 зауыттық желісін, шошқаның 2 үлгісін, қойдың 17 үлгісі мен 7 желісін, жылқының 1 тұқымын, 3 үлгісін және 8 желісін, сүтті ешкілердің 1 отарын, тауықтың 5 кросын шығару;

республикамыздың табиғи-климат аймақтарының ерекшеліктерін және меншік нысанын ескере отырып ауыл шаруашылығы мал төлін өсірудің жаңа технологиясын жасау;

екпе шабындықтар мен жайылымдықтар жасау үшін мал азығындық дақылдар жиынтығын көбейтіп, оларды егіп өсірудің агротехникасын жасау, қуаңшылық аумақтардағы азған жайылымдарды жақсарту әдістерін жетілдіре түсу;

сортанданған жерлердің құнарын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін өндіріс технологиясын жасау, суландырылатын жерлерде гектарынан 12-15 мың азық өлшемін және суарылмайтын жағдайда 2-3 мың азық өлшемін алуды қамтамасыз ететін егістікте мал азығын өндірудің экономикалық жағынан тиімді және экологиялық жағынан қауіпсіз технологиясын құру;

су экологиялық жүйесінің экологиялық-биологиялық заңдылықтарының өзгерістерін зерттеу және анықтау, қолдан балық шығаруды өрістету, балық шикізатын сақтау мен ұқсатудың технологиялық процестерін жетілдіру;

Қазақстанның әртүрлі табиғи аумағы үшін дәрілік өсімдіктерді іріктеудің принциптерін, көбейту әдістері мен өндіру және ұқсату технологиясын жасау;

өсімдік және жануар тектес шикізаттардан дәрі-дәрмек және тамақ өнеркәсібінде пайдалану үшін өнім алу әдістерін жасау;

экологиялық мониторинг ұйымдастыру және агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың экологиялық және экономикалық негіздерін жасау.

Жиынтық бөлім

Бағдарлама 5 жылға есептелген және 12 негізгі міндеттен тұрады. Бағдарламаның негізгі міндеттерінің тізбесі, күтілетін нәтижелер, олардың ғылыми-техникалық көрсеткіштері, қажетті бюджет қаржысы, сондай-ақ аграрлық ғылымның тәжірибе-эксперименттік кәсіпорындары шығаратын өткізілетін ғылыми өнімнің көлемі кестеде келтірілген.

Бағдарламаға байқауда іріктеуден өткен 871 ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық еңбек енгізілді.

Бағдарламаны орындау үшін республикамызда қажетті материалдық-техникалық база, білікті ғылыми күш және ғылыми-техникалық бастамалар әбден жеткілікті.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық еңбектерді Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының 34 мамандандырылған және аймақтық ғылыми-зерттеу институты, 14 тәжірибе станциясы және 44 тәжірибе шаруашылығы, сондай-ақ оның құрамына кірмейтін 11 жоғары оқу орны және 21 ғылыми мекеме орындайтын болады. 1996 жылы зерттеу жұмыстарын 6340 маман орындайды, оның ішінде 1044 ғылым кандидаты мен 202 ғылым докторы бар.

Орталықтың ғылыми мекемелерінде 15 институтта аспирантура арқылы 33 мамандық бойынша жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлануда, ол институттарда 5 докторлық және 2 кандидаттық арнайы кеңес жұмыс істейді.

Қазақстан селекционерлері дақылдардың 137 сорты мен буданын шығарды, ол мемлекеттік сынақтан өтуде. Қазір дақылдардың 103 сорты мен буданы аудандастырылды. Малшылар 3 тұқым, 14 үлгі және 38 желі шығарды. Өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясының жаңа элементтері жасалды. Өндіріске 10 диагностикум, 8 вакцина, 15 препарат, 7 дезинфекциялайтын дәрі ұсынылды. Ғалым-механизаторлар 24 машина жасап, машина сынайтын станцияларға

оларды сериялап шығару ұсынылды. 16 машина мен құрал мемлекеттік және шаруашылық сынақтан өту үстінде.

Ресурстық қамтамасыз ету

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мақсаты мен міндеттеріне сәйкес конкурстық негізде агроөнеркәсіптік кешенді 1996 жылы және 2000 жылға дейін ғылыммен қамтамасыз етудің кеңейтілген ғылыми-техникалық бағдарламасы жасалды. 1996 жылы істеліп жатқан ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар басты ұйымдардың ғылыми кеңестерінде, салалық бөлімшелердің ғылыми кеңестерінде қаралып, мақұлданған. Бағдарламаның негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштері барлық мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісілген және оны Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің Ведомствоаралық ғылыми-техникалық к е ң е с і м а қ ұ л д а ғ а н .

"Агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз етудің" мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады. Бағдарламаны қаржыландыру көлемін жыл сайын Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы айқындап отыратын болады.

Ғылыми-техникалық бағдарламаны 1996-2000 жылдарға қаржыландыру үшін мемлекеттік бюджеттен тұтастай алғанда 5095 млн. теңге, оның ішінде 1996 жылға 6 6 8 , 8 м л н . т е ң г е к е р е к .

Бағдарламаның жүзеге асырылуы жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін ғылыми қамтамасыз етуге жауап беретін Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы жүргізеді "Агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз етудің" мақсатты ғылыми-техникалық Бағдарламасы жөніндегі бас ұйым - Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы, ал Бағдарламаның басшысы - Орталықтың басшысы болып табылады.

"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін ғылыми қамтамасыз ету" атты мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның негізгі міндеттері мен көрсеткіштері

Бағдарламаның негізгі міндеттері		Бағдарламаның ғылыми-техникалық көрсеткіштері	
		1996 - 1998 жылдарға арналған	
1			2

01. Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық реформаның ғылыми	Меншік қатынастарын, өндіріс саласындағы кооперацияны, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және қызмет көрсетуді
---	---

негіздерін жасау

реформалауды негіздеу. Агроөнеркәсіптік өндірісті экономикалық реттеу, азық-түлік рыногы мен село тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын болжаудың тетігін әзірлеу
Ұсыныстар Ақмола облысының Шортанды және Целиноград аудандарының кәсіпорындарында Алматы, Талдықорған облыстарының шаруашылықтарында пысықталатын болады. Оларды жүзеге асыру өндіріс көлемін 5% арттыруға және мамандандыруды қалпына келтіру мен салалардың өнімділігін арттырудың есебінен аймақаралық тауар ағымын оңтайландыруға мүмкіндік береді.
Ресурстарды пайдалану тиімділігі

10-15 % артады

02. Астықты өндіруге, Мемлекеттік сорт сынағына 4 жаздық, сақтауға және ұқсатуға 2 күздік бидайдың, 1 сұлының сорты арналған аймақтық беріледі
жоғары тиімді ресурс
үнемдеуші, табиғат
қорғаушы технологиялар
мен техникалық құралдар

жасау

03. Жеміс-көкөніс Жеміс дақылдарының 5 жаңа және 7 дақылдарын, жүзімді интродукцияланған, картоптың 2 сорты және картопты шығарылды. Мемлекеттік сынаққа өндірудің, ұқсатудың жеміс-жидек дақылдарының - 7, картоптың және сақтаудың 3 сорты тапсырылды
тиімділігі жоғары,
ресурс жинақтаушы

жүйесін жасау

04. Техникалық дақылдарды Қант қызылшасының және қант соргосының, өңдеудің ең жаңа күнбағыстың, сафлордың, рапстың, селекциялық-генетикалық зығырдың және мақтаның селекциясы үшін және биотехнологиялық бастапқы материал іріктеліп алынды; әдістері бойынша тұқым шаруашылығының жүйесі мен оларды шығарылған жаңа сорттар өңдеу технологиясының элементтері мен будандарының негіз. жасалды

інде өнімді барынша мол
 алуды қамтамасыз ететін
 жоғары тиімді, ресурс
 үнемдеуші және
 экологиялық қауіпсіз

технологиясын жасау

05. Мал азығы Мемсортсынаққа мал азығы дақылдарының
 дақылдарының жаңа 3 сорты берілді; мал азығындық бұршақ
 шығымдылығы жоғары, және дәнді дақылдарды шабындық пен
 ауруларға, зиянкестерге жайылымда пайдаланудың өзен
 алқаптарындағы,
 және әртүрлі аймақтағы көлтабандардағы және таудағы
 ортаның жағдайларына шалғындықтарды, сортаң, тұзды жерлер
 төзімді сорттарын мен құмдағы жайылымдарды шабындық пен
 шығару; шабындықтар жайылымдық үшін пайдаланудың әдістері
 мен жайылымдарды жетілдірілді; шөл жайылымдарының жай
 пайдаланудың, еліміздің күйін айқындаудың қашықты әдісінің
 аймақтары бойынша (аэро- және ғарыштық түсіру) элементтері
 мал азығын дайындаудың әзірленді
 өңдеудің жоғары тиімді

технологиясын жасау

06. Жаңа экономикалық Мақта және күріш сату айналыстарында
 жағдайда су суландыру жүйесін зерттеу әдістемесі.
 ресурстарын және су Суландыру процестерінің дамуын бағалау
 құрылыстарын жөніндегі деректердің жиынтығы; су
 пайдаланудың ресурстарын реттеу және бөлу моделі;
 технологиясын жасау қысымы төмен тамшылатып суаруды
 әзірлеудің және оны игерудің бастапқы
 талаптары; Арал өңіріндегі елді
 мекендерде суғару технологиясының
 және суғаратын сулардың

технологиялық-экономикалық бағасы

07. Орман шаруашылығын Екпе ағаштардың қасиеттерін
 жүргізудің және санитарлық-гигиеналық және эстетикалық
 Қазақстанның әртүрлі бағалау, орманды зиянкестер мен
 табиғи аймақтарында аурулардан қорғаудың технологиясына,
 ландшафт негізінде негізгі орман түрлерінің ормандық
 қорғаныш ағаштарын генетикалық резерванттарына, жалаңаш
 өсірудің ғылыми Арал теңізі жерлерінің орман өсіретін

- негізделген жүйесін жағдайлары бойынша интродуценттердің
 әзірлеу тектік құрамына бастапқы талаптар
08. Республика аймақтары Сүтті малдың 14 секциялық табаны, етті
 бойынша шаруашылықты малдың - 1, жылқының - 1 типі, қаракөл
 жүргізу нысанының көп қойларының 2 зауыттық типі, австралия
 түрлілігін ескере мериносының 1 репродукторы, сүтті
 отырып, мал түйелер табаны және Қазақстан табан
 шаруашылығы өнімдерін балығы шығарылды
 өндірудің интенсивті,
 ресурс үнемдейтін,
 экологиялық таза
 технологияларының
 ғылыми-техникалық
 негіздерін және
 практикалық амалдарын
 жасау
09. Мал шаруашылығының Қазақстанда жұқпалы аурулардың шығуын
 мал дәрігерлігі болжамдау және олардың алдын алу
 тұрғысынан амандығын шараларын жоспарлау жөніндегі "Мал
 және оның өнімдерінің дәрігерлік ақпарат" бағдарламасы.
 халық үшін Бруцеллездің диагностикасына арналған
 қауіпсіздігін антиген қойлардың жұқпалы эпидидемитіне
 қамтамасыз ету жөнінде арналған аллерген, бруцеллезге қарсы
 әдістер мен құралдар өлі вакцина, токсоплазмалық антиген,
 жасау жылқының сақауын емдеу және оның үшін
 "Этобиц", ірі қара туберкулезінің
 диагностикасына арналған туберкулин,
 малдың токсокоздарын емдеу үшін
 "Интосан" пайдалану
010. Экологиялық таза Ферменттік препараттарды қолдана отырып
 тағамдық азықтар алу, (ашу ұзақтығын 6-8% қысқарту), нан
 материал сыйымдылығы өндіру технологиясы; сыра қайнататын
 мен жылу энергетикалық арпаның отандық сорттарын, қант
 ресурстардың шығынын соргосының шырынын пайдалана отырып
 төмендетуді қамтамасыз тағамдық азықтардың жаңа сорттарын
 ететін жабдықтар шығарудың есебінен импортқа тәуелділікті
 түрлерінің жаңаларын төмендету (өзіндік құнды 3-5%
 жасау және қолда төмендету)
 барын жетілдіру

мақсатында болашағы
мол технологиялар
жасап, жаңа жабдықтар
шығарып, қазіргі
қолда барын жетілдіре

түсу

011.Дәрілік агрошикізатты Ормандардағы жабайы өскен дәрілік және
егіп-өсірудің және тағамдық шикізаттың қоры есептелді,
қайта өңдеудің болашағы мол дәрілік өсімдіктерді
жоғары тиімділікті өсірудің агротехникасы жасалды,
технологиясын әзірлеу интродукция көшет жайларының негізі
қаланды, тұқымдық қор құрылды

012.Ауыл шаруашылығы Агроөнеркәсіптік кешен объектілеріндегі
өндірісін жүргізудің және агроэкологиялық жүйелердегі
және қоршаған ортаны уытты заттардың болуын азайтуды
қорғаудың қамтамасыз ететін әдістер мен
агроэкологиялық техникалық құралдар
әдістерін әзірлеу
таблицаның жалғасы:

1999 - 2000 жылдарға арналған

3

Аграрлық саясаттың агроөнеркәсіп кешеніндегі экономикалық реформалардың бағдарын түзетуге бағытталған ғылыми негіздері жасалады. Кәсіпорындарды реформалауды және олардың тиімді қызмет істеуінің тетігін тереңдету жөнінде ұсынымдар. Жер реформасын тереңдету және жер рыногын дамыту; жаңа баға, қаржы-несие салық жүйесін жетілдіру жөнінде; ауыл шаруашылығы өнімдерінің ұлттық рыногын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар.

Зерттеулердің нәтижелері Талдықорған, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында байқаудан өткізіледі және заң шығару органдары, үкімет және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басқару органдары нормативті-құқықтық негіздер мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламаларын жасаған кезде пайдаланылатын болады.

Жасалымдарды жүзеге асыру аграрлық өндірістің деңгейін

тұрақтандыруға және 2000 жылға және өнімдердің жалпы көлемін 10-20% арттыруға мүмкіндік береді. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруді тұрақтандыруды қамтамасыз ететін аймақтық егіншілік жүйелерін агроландшафтық жүргізу, топырақтың одан әрі аузының алдын алу және оның құнарлылығын арттыру жөніндегі ұсыныстар. Жаздық бидайдың - 23 және күздік бидайдың - 11, арпаның -9, сұлының - 1, дәнді бұршақтың - 3, жарма дақылдарының - 3 сорты; 2 жүгері буданы; қонақ жүгері мен қонақ жүгері-судан шөбінің будандары шығарылады және Мемсортсынағына ұсынылады.

Бидай дәнінің сапасы жөнінде Қазақстанның картограммасы жасалады. Технологиялық операциялардың сапасын жақсартатын және, материалдық және энергетикалық ресурстарды қыстартатын ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге, жинауға, ұқсатуға және сақтауға арналған машиналардың аймақтық кешендері жасалады. Тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарын пайдалану

мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін республикалық ғылыми-техникалық инженерлік жүйе негізделді. Жеміс-жидек дақылдарының - 70 сорты, картоптың - 8, көкөніс-бақша дақылдарының - 8 сорты шығарылды және Мемсортсынағына ұсынылды. Тұқым шаруашылығы және отырғызылатын материалды өсіру жүйесі; механикаландыру, өсімдіктерді қорғау құралдары; жеміс-көкөніс өнімдерін, картопты және жүзімді өңдеудің, сақтаудың және ұқсатудың аймақтық технологиясының амалдары жасалды.

Қан қызылшасының - 1; қант соргосының - 1; майлы сафлордың, жаздық рапстың, күнбағыстың бір-бірден, мақтаның - 2 жаңа сорты шығарылды. Тұқым шаруашылығы жолға қойылды, оларды өңдеудің технологиясы жасалды.

Мал азығындық дақылдардың 24 сорты шығарылды және Мемсортсынаққа берілді, геноқор қалыптастырылды, Әртүрлі табиғи аймақтарда шабындық пен жайылым экологиялық жүйесін қалпына келтірудің жақсарту және пайдалану технологиялары ұсынылды. Жыртылатын жерлерде мал азығын өндіруді интенсивтендіру және мал азығын консервілеу жөнінде ұсыныстар жасалды. Мал азығын өндіруге және дайындауға арналған технология мен техникалық құралдар жасалды. Энергетикалық құндылығы жоғары құрама жемдердің жаңа түрлері, агроөнеркәсіптік кешен салаларының қосалқы

өнімдерінен құрама жем шығару үшін шикізат ұсынылды
Суғарудың түрлі тәсілдерін қолданған кезде ауыл шаруашылығы дақылдарының ылғал мен тұзға шыдамдылығы және қажет ететін су нормалары процестерінің динамикасы зерттелді.

Суару жүйелерінде суды пайдалануды оңтайландыру, табиғи кешендерді қорғау, топырақты қолдан ылғалдау жөніндегі ұсыныстар

Орман шаруашылығын жүргізу мен қорғаныш ағаштарын өсіру жүйесі. Экологиялық жүйелерді кешенді басқару, орман өсімдіктерінің генетикалық қорын сақтау және жергілікті ағаш-бұта түрлерінің сорттарын шығару жөнінде, қолдан орман өсіру және орманды қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар
Ірі кара малдың 1 тұқымы, 6 типі, 7 зауыттық желісі; шошқаның 2 типі; қойдың 17 типі мен 7 желісі; жылқының 1 тұқымы, 3 типі 8 желісі; сүтті ешкілердің 1 отары; тауықтың 2 ірі кроссы, 2 ірі селекциялық ара семьясы, маралдың 1 селекциялық табыны, балықтың 1 коллекциялық үйірі шығарылады. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге, ұқсатуға және сақтауға арналған тиімді технология мен техника жасалды

9 жаңа диагностикум, 8 вакцина, 15 емдік препарат, 5 сарысулар, 5 дезинфекциялайтын құралдар және ауыл шаруашылығы жануарларының түрлі ауруына қарсы күресу жөнінде 10 ұсыныстар жасалды. Бруцеллезге, туберкулезге, аусылға, лейкозға, төлдің асқазан-ішек ауруларына, ауылшаруашылығы жануарларының жұқпалы гельминтозды және протозой ауруларына, жылқының сақауы мен пастереллезіне, құстың жұқпалы бурсалды аурулары мен пастереллезіне қарсы шаралар жүйесі ұсынылды. Балықтардың ихтио паразиттер фаунасы және оның балықтардың кәсіпшілік үйірі көлемінің қалыптасуына ықпалы зерттеледі

Процесстерді интенсивтендіруді 10-15% жергілікті шикізаттың тамақ өнімдерінің өзіндік құнын төмендетуді 3-5% дайын өнім шығаруды арттыруды 5-7% жабдықтардың материал сыйымдылығын төмендетуді - 15-20 %, энергиялық ресурстарды - 5-10 % қамтамасыз ететін жаңа технологиялар

Жергілікті жабайы және интродуцияланған дәрілік өсімдіктердің түрлері мен нысандары іріктелді, оларды егіп-өсіру және бастапқы өңдеу технологиясы жолға қойылды. Өсімдіктердің биологиялық белсенді қосылыстары негізінде жоғары тиімді препараттар алудың биотехнологиялық тәсілдері жасалды,

оның ішінде биосластелін өндірудің өнеркәсіптік технологиясы жасалды.

Ара шаруашылығы өнімдерінен дәрілік препараттар, оларды дайындаудың нормативті-технологиялық құжаттамалары мен
технологиясы жасалды

Агроэкологиялық мониторингты ұйымдастыру, агроөнеркәсіптік кешен мен агроэкологиялық жүйелердің экологиялық жай-күйінің және объектілерін жақсартудың нормативтік-әдістемелік базасы жасалды, экологиялық паспорттары мен карталары құрастырылды.

Агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың экологиялық-экономикалық негіздері әзірленді.